

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

Білім беру ұйымының атауы: Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі.

Мектепалды «0» А сыныбы.

Балалардың жастары: 5 жас.

Жоспарлау күні: 04.03.-07.03. 2023-2024 оқу жылы.

Күн тәртiбi	Дүйсенбi	Сейсенбi	Сәрсенбi	Бейсенбi
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңiл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгiнгi көңiл-күйi туралы әңгiмелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін бiлдiруге қатыстыру.			
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкiлдерiмен кенесу, әңгiмелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимi, тәрбиелеу, дамыту және оның жетiстiктерi туралы әңгiмелер, кеңестер.			
Балалардың дербес әркетi (баяу, қимылды, үстел үстi ойындары, бейнелеу iс-әрекетi, кiтаптарды қарау және басқалар).	Ән айту: «Көктем» Ә.Бейсеуов	Сурет салу: «Қардың еруi» Мақсаты: Сурет арқылы табиғатта болатын өзгерiстердi бере бiлу.	Д.О. «Не өзгердi?» Шарты: Тақтаға түрлi суреттер белгiлi ретпен орналасқан. Балалар көздерiн жұмады. Суреттердiң орны ауыстырылады. Көздерiн ашқанда қай суреттiң орны ауысқанын айтады.	Апликация: «Сыйлықтық гүл» Мақсаты: Гүлдi жапсырудың әртүрлi әдiс-тәсiлдерiмен таныстыру. Көлемдi жапсыру жұмысын орындап үйрену. Мерекеден анасына сыйлауды ұсыну.
Ертеңгiлiк жаттығу	Наурыз айының 1-аптасына арналған жаттығу кешенi. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бiтiмiн дұрыс қалыптасуына үйрету. Салауатты өмiр салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз.			
Ұйымдастырылған iс-әрекетiне дайындық	Сөздiк ойын: «Тамаша күн!» Шарты: Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап бередi. -Бүгiнгi көңiл-күйлерiң қалай? -Ауа-райы қандай? -Көктем мезгiлi қандай? -Таза ауамен демалған қандай?	Шаттық шеңберi. Жылулық шеңберiн ұйымдастыру. Қоларыңды әдемі жүрек ойыншықты бiр-бiрiне берiп тұрып, алғыс айту айту.	Шаттық шеңберi. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жадырайды жүздерiң, Жарқырайды тобымыз, Қайырлы таң балалар!	Шаттық шеңберi Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге.
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған iс-әрекет.	1.Сауат ашу негiздерi. Мiндеттерi: Сөздердi дыбыстық талдау: сөздегi дыбыстардың ретiн, дауысты және дауысыз дыбыстарды	1.Сөйлеудi дамыту. Мiндеттерi: Тiлдiң грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша	1.Сауат ашу негiздерi. Мiндеттерi: Сөйлемдi ауызша талдау: жай сөйлемдердi сөздерге бөлу, сөйлемдегi сөздердiң санын	1.Сөйлеудi дамыту. Мiндеттерi: Тiлдiң грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша

	<p>анықтау. №2 жұмыс дәптері. 1.Дыбыстық талдау жаса. 2.Суреттерді штрихта. 3.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Сергіту сәтін өткізу. Д.О. «Қандай көкөніс алдың?» Ойынның мақсаты: Көкөністерді атап, ажырата білу және байланыстырып сөйлем құрай білуге үйрету. Ойын барысы: Үстел үстінде көкөністердің муляжы тұрады. Балалар өздеріне ұнаған көкөністерді алып, үлгі тірек суретке қарап қандай көкөніс алғанын әңгімелеп береді. Үлгі суреттің макеті: 1.Пішіні 2.Түсі 3.Көлемі 4.Қайда өседі? 5.Не жасап дайындауға болады? Мысалы: Қияр-сопақша, жасыл үлкен, бақшада өседі, қиярдан салат дайындайды. Д.О. «Не артық?» Ойынның мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойын барысы: Суретке қарап не артық екенін айтады.</p> <p>2.Математика. Міндеттері: Сан және санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Санау әні. (үнтаспа) Д.О. «Қандай сан жоқ?» Ойынның мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Жоқ сандарды тауып</p>	<p>сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білу. Д.О. «Ауа-райы» туралы айтып бер. Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. Ойын барысы: Балалар ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтады. (суық, жылы, желді, ашық, бұлтты т.б.). Д.О. «Біз білімпаз баламыз» Шарты: Тапсырманы орындау үшін мына карточкаларды таңдап қара. Көк карточка: «Сөйлеуді дамыту орталығы» Қызыл карточка: «Өнер орталығы» Сары карточка: «Көркем әдебиет орталығы» Жасыл карточка: «Музыка орталығы» «Сөйлеуді дамыту орталығы» Шарты: Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды, сұрақтарға жауап береді. -Суретте не бейнеленген? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілі неше айдан тұрады? -Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? -Қар еріп қайда сіңеді? -Жер қандай түске өзгереді? -Жерде не өседі? -Ағаштарда қандай өзгерістер болады? «Өнер орталығы» «Көрікті көктем» Шарты: Сурет салу. Көктем мезгілін қалауы бойынша бейнелеу. «Көркем әдебиет орталығы»</p>	<p>анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру. Д.О. «Сөйлем құра» Ойын барысы: Педагог балаларға екі заттың суретін көрсету арқылы сөйлем құрату. Мысалы: Жаңғақ, тиін. .Тиін жаңғақты көрді. .Тиін ағаштан жаңғақты көрді. .Тиін бұтақтан-бұтаққа секіріп жүріп, ағаштағы жаңғақты көрді. .Тиін ағаштағы жаңғақтарды тез жинап алды. Бірге айтайық. Тиіндер. Теріп жеміс, саңырауқұлақ, жаңғақты, Кептіреміз, қақтаймыз. Қыстың қамын ерте ойлап, Інге азық сақтаймыз. Ля-ля-ля-ля, Інге азық сақтаймыз. Д.О. «Кім көп сөйлем құрайды?» Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. Ойын барысы: Берілген суреттерге қарап, сөйлем құрайды. Д.О. «Ғажайып өзгертулер» Ойынның мақсаты: Балалардың шығармашылық ойлауы мен қиялын дамыту. Ойын барысы: Педагог бірнеше суреттерді балалармен бірлесе отырып таңдап алады. Таңдаған суреттерінен барлығы бірлесіп талқылап, ортақ бір әңгіме құрастырады. №2 жұмыс дәптері. 1.Дыбыстық талдау жаса. 2.Суреттерді штрихта. 3.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Сергіту сәтін өткізу.</p>	<p>сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білу. Шаттық шеңбері Балалар шаттық шеңберіне тұрып, анасына арнап жақсы тілектерін айтады. Педагог: -Балалар, алдымызда қандай мереке келе жатыр? -Мерекеде анаңа не сыйлағың келеді? Бірге жаттайық. Ана-дегеніміз кім? Ана-біздің күніміз, Ананың біз-гүліміз! Құрметтейміз ананы, Құттықтаймыз бүгін біз: «Ұландарды қуантып, Ұзақ өмір сүріңіз!» Шығармашылық үзіліс: Балалар өз анасына арнап ашықхат дайындайды. Ой қозғау: -Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жан кім? -Кім сендерді аялап, мәпелеп өсіреді? -Ең мейірімді, ең сүйкімді жан кім? -Кім сендерді еркелетеді? Д.О. «Анаңды таны» Ойын шарты: Үнтаспаға балалардың анасының даусы жазылған. Балалар өз анасының даусын тануы керек. Тыныштық сәті: Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмады, көз алдарына өздерінің туған анасын елестетеді. Анамыз аялы алақанымен басымыздан сипайды. Анамыздың алақаны неткен жұмсақ еді. Көзімізді ашамыз.</p>
--	--	--	---	--

жазады.



Д.О. «Математикалық пазлдар»

Ойынның мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

Ойын барысы: Берілген кималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.

№2 жұмыс дәптері.

(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).

Сергіту сәті.

3.Көркем әдебиет.

Міндеттері: Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.

Жұмбақты шеш.

Күн ұзарып қар еріп,

Су сайларға толады.

Айтындаршы бөбектерім,

Бұл қай кезде болады?

(көктем).

Ой қозғау:

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілі неше айдан тұрады?

-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?

-Қар еріп қайда сінеді?

-Жер қандай түске өзгереді?

Шарты: Жұмбақтар шешіп, көктем сыйын ұтып ал!

«Музыка орталығы»

Шарты: Өн айту.

«Көктем» Ә.Бейсеуов.

2.Қоршаған ортамен таныстыру.

Міндеттері: Өсімдіктер әлемі.

Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.

Өсімдіктер әлемі.

Өсімдіктер: ағаштар, бұталар, шөп тектес өсімдіктер болып бөлінеді.

Суретпен жұмыс.

Ағаштар-емен, қайың, алма ағашы.

Бұталар-шырғанақ, жыңғыл, бөртегүл.

Шөп тектес өсімдіктер-бақбақ, құлпынай, түймедақ.

Өсімдіктер-табиғаттың жанды денелері. Олар қоректенеді, тыныс алады, өседі, көбейеді, қурайды. Өсімдіктердің өсуіне топырақ, су, жылу, ау, күн көзі керек.

Ағаштар, бұталар орманда, бақта, саябақта өседі. Ауыл мен қала көшелеріне қарағаш, тал, жөке, қайың, емен ағаштары сән беріп тұрады. Ал раушангүл, шырғанақтың гүл шоғырлары ерекше жұпар иіске бөлейді.

Шөп тектес өсімдіктер барлық жерде өседі. Олардың көбі ашық түсті әдемі гүл ашады. Көктемде бақбақ, қоңыраугүл, қызғалдақтар гүлдейді.

-Өсімдіктер өсуі үшін не қажет?

-Ағаштардың қандай пайдасы бар?

2.Математика.

Міндеттері: Сан және санау.

Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.

№2 жұмыс дәптері.

(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).

Сергіту сәті.

Математикалық боямақ.



Санау әні. Үнтаспа.

Балалар бірге айтады.

3.Көркем әдебиет.

Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.

Шаттық шеңбері

Балалар шаттық шеңберінде дөңгелене тұрып, әр бала өздерінің сүйікті анасы туралы ойлап, анасының өздерін қалай еркелететінін айтады.

Тыңда.

-Кез-келген адамның әдептілігі мен жан дүниесінің сұлулығы, ең алдымен балаға ақ сүт беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анамыздан тарайды. Ананың нәзік үні, жұмсақ аялы

-Үйде аналарыңа көмектесесіңдер ме?

-Анаң нанға жұмсаса барасыңдар ма?

-Мерекеде анаң қандай сыйлық жасайсың?

-Ана туралы қандай тақпақ жаттадық?

2.Қоршаған орта.

Міндеттері: Өсімдіктер әлемі.

Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың жылу мен тыңайтқыштың қажеттілігі, олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.

Ой қозғау:

-Орманда қандай ағаштар өседі?

-Ағаштардың қандай пайдасы бар?

-Ең биік ағаштарды ата.

-Адамдар қандай жеміс ағаштарын өсіреді?

-Бақта қандай ағаштар өседі?

-Жеміс ағаштарын ата.

-Жеміс ағаштарын қалай күтіп баптайды?

-Өсімдіктер қалай көбейеді?

Өсімдіктердің көбеюі.

Топыраққа түскен тұқымнан

	<p>Бірге жаттайық Көктем өрнегі Қар ереді, су ақты, Күндер келді шуақты. Байтақ дала келбеті, Түкті кілем сияқты. Көкке бояп өңірді, Көктем келді шуақты. Байтақ дала келбеті, Түкті кілем сияқты.</p> <p>Д.О. «Бұл қай кезде болады?» Шарты: Педагог жыл мезгілдері бейнеленген суреттерді көрсетеді, сол бойынша әңгіме өткізеді.</p> <p>Д.О. «Дұрыс па, бұрыс па?» Ойынның мақсаты: Әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін білуге үйрету, білімдерін толықтыру. Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрады. Педагог жылдың бір мезгілінің белгісін атайды. Бұл белгі дұрыс болса, бала допты қағып алады.</p> <p>4. Дене шынықтыру. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Ұлттық ойын: «Білектесу» Ойын шарты: Бір столдың шетіне карама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтактарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын</p>	<p>Д.О. «Өсімдіктерді жина» Шарты: Шалғын бейнеленген үлкен сурет. (шөп, өсімдіктері жоқ). және түрлі өсімдіктер. Педагог: -Балалар, мына шалғында бір кездері түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсіп тұратын. Бірде қатты дауыл тұрды. Дауылдан кейін шалғында түк қалған жоқ, сендерге бұл жер ұнай ма? -Бұл жерді шалғын деп айтуға бола ма? -Оны қалай әдемі қылып көрсетуге болады? Шалғынға жан бітірейік гүлдер өсірейік және көбелектер, аралар, түрлі жәндіктер ұшып келетін болады. Балаларға түрлі өсімдіктер жинағы беріледі ұсынылады. Жұмыс соңында шалғынның әдемі көрінісі пайда болады. Ол жерге жәндіктерді орналастырады.</p> <p>Д.О. «Не болар еді?» Ойынның мақсаты: Өсімдіктерді күтіп баптауға үйрету. Өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру. Ойын барысы: Балалар ойды аяқтайды, сұрақтарға жауап береді. .Егер өсімдікті қараңғы жерге қойса не болар еді? .Егер өсімдікке су құюды ұмытып кетсе не болар еді? .Егер өсімдікке уақытылы су құйып, топырағын қопсытып, коректендіріп тұрса не болар еді?</p> <p>3.Қазақ тілі. Міндеттері: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық</p>	<p>алақаны, жан жылуымен аялауы бізді әлдилеп жұбатады. Ананы барынша құрметтеп, сыйлау-әр бір баланың парызы. Бірге жаттайық. Ана. Бакты сыйлап баршаға, Әлпештеген данамыз. Әрқашанда өзіңнің, Алдында біз баламыз.</p> <p>Құшақ толы мейірім, Пейілге алтын қанамыз. Анаң барда ақылды, Бәріміз де данамыз.</p> <p>Жақсылыққа жетелеп, Тілейтін шын панамыз. Ақылдарын үйреткен, Шын ниетпен қараңыз.</p> <p>Түнде бесік тербетіп, Әлпештеген Анамыз. Адамзаттың асылы, Біздің асыл Анамыз!</p> <p>Бір қолымен әлемді, Тербететін дарамыз. Даналардың данасы, Біздің нағыз Анамыз! Ой қозғау: -Балалар, алдымызда қандай мереке келе жатыр? -Мерекеде анаға не сыйлағын келеді? Шығармашылық үзіліс Сурет салу. -Анаға не сыйлағын келеді? Суретін салады. Ән айту: «Ақ мамам» Музыкасы: Ө.Бейсеуов -Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жан кім? -Кім сендерді аялап, мәпелеп</p>	<p>жаңа өсімдік өсіп шығады. Олар өседі, гүлдейді, жеміс және тұқым береді. бір өсімдікте бі немесе бірнеше тұқым болуы мүмкін. Қияр, қызанақ, қарбыз, орамжапырақ, сәбіз, астық тұқымдастар тұқымы арқылы өсіріледі. Картоп-түйнегінен өсіріледі. Пияз, сарымсақ-жуашығынан өсіріледі. Таңқурай-тамыр бөлігінен өсіріледі. Қаракат-сабағының бір бөлігінен өсіріледі. Д.О. «Қай өсімдік қайда өседі?» Ойынның мақсаты: Өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру, өсімдіктерді ажырата білуге баулу. Сұрақ-жауап. Ойын барысы: Қай өсімдік қайда өсетінін айтады. Д.О. «Өсімдіктер әлемі» Ойынның мақсаты: Өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру және оларды ажырата білуге үйрету. Ойын барысы: Балалар хатқалтадан шыққан ағаштар, бұталар және шөп тектес өсімдіктерді ажыратады және оларды атайды. Суретпен жұмыс .Суретке қарап, алма мен шиенің жемісін салыстыр. Онда қанша тұқымнан бар? .Үрмебұршақтың, бұршақтың, қарбызда қанша тұқымнан бар?</p> <p>3.Қазақ тілі. Міндеттері: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын</p>
--	---	---	---	--

	<p>шалкасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоңыздар»</p> <p>Ойын шарты: Ойын сылдырмақпен немесе әуеннің ырғағымен өткізіледі. «Қоңыздар ұшты!»-деген белгімен балалар тұрады, сілкінеді. «Қоңыздар конды!»-деген белгімен балалар отырады.</p>	<p>заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши бау, басқұр, арқан, жіп) сөздерімен таныстыру.</p> <p>Суретпен жұмыс. Киіз үй және киіз үй жабдықтары. Балаларға көрнекілік әдісі арқылы түсіндіру, таныстыру.</p> <p>Киіз үй -халқымыздың атамзаманнан бергі ең жақын серігі, тұратын баспанасы. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Киіз үй тез құрылады, тез жиналады. Киіз үй ауа-райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талпақ сай, жел, дауылға шыдамды. Киіз үйдің төбесі күмбез тәрізді болып келеді. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі-деп атайды.</p> <p>Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық.</p> <p>Кереге-киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы, торкөзді сүйегі.</p> <p>Шаңырақ-киіз үйдің уықтарын біріктіріп, көтеріп, ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.</p> <p>Уық-кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.</p> <p>Киіз есік-сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши астары жақпақ теріден жасалады.</p> <p>Киіз үй жабдықтары: абажа, кебеже, әбдіре, ағаш төсек, асадал, жастықағаш, адалбақан, жүкаяқ, сандық.</p> <p>Төсеніштер: алаша, киіз, сырмақ,</p>	<p>өсіреді?</p> <p>4.Шебер қолдар. Тақырыбы: Ертегіден коллаж жасау. Сабақтың мазмұны: Ермексазды түрлі-түсті қағазды пайдалана отырып коллаж жасау. Балалардың еңбекке қызығушылығын арттыру.</p> <p>Ой қозғау: -Қандай ертегілерді білесіңдер? -Ертегі қалай басталады? -Ертегі тыңдаған сендерге ұнай ма? Д.О. «Менің сүйікті ертегім» Ойынның мақсаты: Балалардың ертегілерге деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын барысы: Сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын қысқаша баяндау. Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Д.О. «Менің жаңа ертегім» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Балаларға аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа бір ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Шығармашылық үзіліс. Балалар өз қалауы бойынша ертегілердің бірін тандап, сол ертегі желісі бойынша ермексазды түрлі-түсті қағазды пайдалана отырып коллаж жасауды ұсыну. Көрме ұйымдастыру. Ән айту: «Ертегілер» Үнтаспа. (балалар бірге қосылып айтады).</p> <p>5.Дене шынықтыру. Спорттық ойындар. Баскетбол</p>	<p>және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши бау, басқұр, арқан, жіп) сөздерімен таныстыру.</p> <p>Шаттық шеңбері Кел балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Шаңырақты көтеріп, Керегені құрайық. Уықтарша иіліп, Шаңыраққа қосылып, Киіз үйді құрайық.</p> <p>Суретпен жұмыс Киіз үй жиһаздары-абажа, кебеже, әбдіре ағаш төсек асадал, адалбақан. Абажа-тамақ пен ыдыс-аяқ ақталатын, ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған жиһаз. Кебеже-сүр ет, құрт, шәй салық сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектелген үй жиһазы. Әбдіре-зат сақтайтын үлкен сандық. Ағаш керует-жату үшін пайдаланады. Асадал-тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеже. Адалбақан-киім ілуге арналған үй жиһазы. Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Тұскиіз-сәндік үшін төсектің тұсына тұтатын үй бұйымы. Қоржын-екі жағын тең етіп тоқыған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Д.О. «Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарын ата» Ойынның мақсаты: Балалардың киіз үйдің</p>
--	---	--	---	---

түскііз.

Сергіту сәті.

Көтеріліп шаңырақ,
Уықтары шаншылар.
Керегелер керіліп,
Өрімдей боп өрілер.
Бәріміз жүрсек айналып,
Киіз үй боп көрінер.

Жұмбақтар шешейік.

.Төбедегі көзінен күн сәулесі
түседі,

Бұрышы жоқ төрінен
Самал жел еркін еседі.

(киіз үй).

.Жетпіс екі найзасы,

Біріктіріп тұрады.

(шаңырақ).

. Қабырғасы тор көз,

Төбесінде зор көз.

(кереге, шаңырақ).

.Тұмсығын тесіп,

Жүннен бұйда есіп,

Қазыққа байлады.

(уық).

Д.О. «Ойлан тап»

Ойынның мақсаты: Киіз үйдің сүйектерін білу, ажырату және атай білулері.

Ойын барысы: Суреттен киіз үйдің сүйектерін тап және оларды ата.

Д.О. «Не артық?»

Ойынның мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Артық затты таба білуге үйрету.

Ойын барысы: Тақтаға киіз үй жабдықтары суреті ілінеді. Балалар суреттен артық затты табады. Не үшін артық екенін дәлелдейді.

Шығармашылық үзіліс:

«Кілем»

Шарты: Кілемнің суретін салу.

элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолымен алып жүруге жаттықтыру.

Доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары.

Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Содан соң допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын өзгертпей, қолдарын шұғыл жазады. Балалар допты неғұрлым алысқа лақтыруға тырысады.

Қатарға тұрып допты алысқа басынан асырып лақтыру.

Баскетбол.

Шарты: Допты еденге оң қол және сол қолды алмастырып соғу. (4 рет).

Қимыл-қозғалыс ойыны:

«Жұбыңды тап»

Шарты: Екі-екіден сапқа тұру.

Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпка тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.

Қимыл-қозғалыс ойыны:

«Паровоз»

Ойынның мақсаты: ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру,

Ойын барысы: Педагог балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады.

Онда «вагондар» бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады. **Ойынның шарты:** Балалар бір-бірінің қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет етуі

жабдықтары мен жиһаздарын танып біліп, оларды атай білуге үйрету, білімдерін толықтыру.

Ойын барысы: Балалар суреттен киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздарын атайды, оның не үшін қажет екенін айтады.

4.Музыка.

Міндеттері:

Музыка тындау. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тындауға баулу.

Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру.

Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Музыка тындау:

«Балбырауын» Құрманғазы. Ұнтаспа.

-Музыка көңілді ме әлде көңілсіз бе?

-Күйді тындағанда көз алдарыңа не елестеді?

-Тағы қандай күйлерді тындадық?

Ән айту: «Ақ мамам» Ө.Бейсеуов.

-Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жан кім?

Кілемді қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерімен сәндеу.

Д.О. «Ою құрастыр»

Ойынның мақсаты: Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерін білу және оларды атап, ажырата білуге үйрету.

Ойын барысы: Балалар бірнеше бөліктерден тұратын оюларды құрастырады, атын атайды, ұқсас оюларды топтастырады.

Д.О. «Тура осындай өрнекті тап»

Ойынның мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетерін артыру.

Ойын барысы: Балаларға үлгі суреттер беріледі, балалар үлгідегі оюға ұқсас оюды табады, жапсырады.

Сергіту сәті

-Балалар, қане, әр отбасы бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Қане, қане, тұрайық,
Киіз үй біз құрайық.
Оң қолымды көтердім,
Сол қолымды көтердім,
Уықты мен мықтадым,
Киіз үйді тұрғыздық,
Жұмысты біз тындырдық.

4.Музыка.

Міндеттері:

Музыка тыңдау. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.

Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру.

Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға

керек.

Қимыл-қозғалыс ойыны:

«Қарлығаш»

Шарты: Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»- деген сөзден кейін балалар үйлеріне (шеңберге) кіреді.

-Кім сендерді аялап, мәпелеп өсіреді?

-Анаң сендерді еркелетіп қалай атайды?

Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Қазіргі би ырғағы»

Балаларды жаңаша, заман талабына сай кимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету.

		<p>жаттықтыру.</p> <p>Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Жұмбақты шеш. Түрі көркем түр кілем, Түгі жоқта кір кілем. Жазы жайлы жай кілем, Жайылып жатқан бір кілем. Бұл не?</p> <p>Жаңылтпашты жатқа айт. Көп көкек, көкектеп, Көктем келді. Көкек кеп, Көктеп көк, Көктем келді.</p> <p>Музыка тыңдау. «Бұл қай кезде болады?» Б.Ерзакович. -Тыңдаған әніміз жылдың қай мезгілі туралы? -Көктемде қандай құбылыстар болады? -Көктем айларын атандар.</p> <p>Ән айту: «Көктем» Ә.Бейсеуов. Ән қандай көңіл-күйде жазылған? Ән сендерге ұнады ма? Несімен ұнады?</p> <p>Билер: «Қазақ вальсі» Л.Хамиди. Үнтаспа.</p>		
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу.			
Серуен	№1 Ауа-райын бақылау.	№2 Күнге бақылау жасау.	№6 Қардың еруін бақылау.	№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.
Балалармен жеке жұмыс.	1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз. (қолын жазуға жаттықтыру).	1.Сурет салу. Боямақ. «Көктем» (дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу).	1.Математика. Сан және санау. Заттарды санау. Санын анықтау.	1.Сөйлеуді дамыту. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды меңгерту.

	<p>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>			
<p>Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>«Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру.</p>	<p>Ата-аналармен әңгімелесу: Балалармен бірге кітаптар қарау, ертегілер, шағын әңгімелер оқып беруін ұсыну.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме.</p>	<p>Ата-анамен сөйлесу. Мереке күнін жақсы өткізуін айту.</p>

Бейнесі: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

Білім беру ұйымының атауы: Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мектепалды «0» А сыныбы.

Балалардың жастары: 5 жас.

Жоспарлау күні: 1-1.03.-15.03. 2023-2024 оқу жылы.

Күн тәртібі	Дүйсені	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенесу, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).	<p>Ән айту: «Ақ мамам» Музыкасы: Ә.Бейсеуов</p>	<p>Д.О. «Кітап-біздің досымыз» Ойынның мақсаты: Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын барысы: Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.</p>	<p>Д.О. «Біл және көшеде жүру ережесін орында» Ойынның мақсаты: Көшеде жүру ережелерін бекіту. Ойын барысы: Тақтада бірнеше суреттер ілініп тұрады. Педагог балаларға суретті мұқият қарауды ұсынады. Балалар суреттерге қарап жол жүру ережесін естеріне түсіріп не істеуге болатынын айтып береді.</p>	<p>Д.О. «Су бізге не үшін қажет?» Ойынның мақсаты: Қойылған сұрақтарға ойланып, дұрыс жауап бере білуге үйрету, балалардың ой-өрісін дамыту. Ойын барысы: Сұрақтарға жауап береді, өз ойын айтады. сурет бойынша әңгіме құрастырады. -Айнұр гүлдерге су құйды. -Диас суға шомылды. -Балалар өзен-көлге шомылуға барды. -Суды біз ішеміз.</p>	Көктем мезгілі туралы тақпақтар жаттау.
Ертенгілік жаттығу.	Наурыз айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету. Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық	Шаттық шеңбері. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жадырайды жүздерің, Жарқырайды тобымыз,	Шаттық шеңбері. Кім үлкенді тындаса, Кім үлкенді сыйласа. Үлкен болған кезінде, Сыйлы болмақ өзі де.	Шаттық шеңбері. Күн мен сені сүйемін, Саған бас иемін. Жылу бер, бақыт бер, Мейіріммен шабыт бер.	Шаттық шеңбері Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге.	Шаттық шеңбері Топ-топ етіп басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса-жаса жарқын күн, Жаса-жаса алтын күн.
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.	1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі	1.Сөйлеуді дамыту. Міндеттері: Тілдің грамматикалық құрылымы.	1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау: жай	1.Сөйлеуді дамыту. Міндеттері: Тілдің грамматикалық құрылымы.	1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Өртүрлі бағыттағы тігінен,

дыбыстарды анықтау.
Д.О. «Дыбысты ата»
Ойынның мақсаты:
Сөздегі бірінші және соңғы дыбысты белгілеп үйрету.

Ойын барысы: Педагог балаларға суреттерді атап көрсетеді. Балалар тыңдап барлық сөздегі дыбысты атайды және осы дыбысқа мысал келтіреді.

Д.О. «Суретті тіз»

Ойынның мақсаты:

Сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету.

Ойын барысы: Педагог балалардың алдына суреттерді қояды да атайды, содан соң оларды бірінші дыбысына қарай топтастыруын сұрайды.

Мысалы: А-алма, алмұрт, аққу, арыстан, айна. К-кеме, кесе, көбелек, көйлек.

Т-тиін, түлкі.

С-сабын, сүлгі, сырға, сағат, сиыр, сарымсақ.

№2 жұмыс дәптері.

1. Дыбыстық талдау жаса.

2. Суреттерді штрихта.

3. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Сергіту сәтін өткізу.

2. Математика.

Міндеттері: Сан және санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін

сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білу.

Жұмбақты шеш.

Күн ұзарып, қар еріп,
Су сайларға толады,
Бұл қай кезде болады?

(көктем).

Ән айту: «Көктем»

Ә.Бейсеуов.

Келе бер көктем.

Балалар шаттық шеңберінде тұрады:

Педагог: Күн, Күн, сен неге күлімдейсің?

Балалар: Көктем келді.

-Жаңбыр, жаңбыр, сен неге сыртылдайсың?

(Жаңбырдың дыбысы).

-Көктем келді.

-Бұлақ, бұлақ, сен неге сылдырлайсың? (Судың дыбысы).

-Көктем келді.

-Құстар, құстар, сендер неге сайрайсындар?

(Құстардың сайраған дыбысы).

-Көктем келді.

Балалар бір-біріне: «Досым, біз де күлімдейікші»,- деп,

балалар бір-біріне қарап күлімдейді.

Бірге жаттайық.

«Көктем»

Күн шуақты кез келді,

Көп көрініс көзде енді.

Жерге сіңіп қалың қар,

Жер көйлегі өзгерді.

Педагог:

-Көктемде қандай өзгерістер болады?

-Қар еріп, қайда сіңеді?

анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.

Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бірге айтады.

Көктем, көктем, көктемде,
Құстар келіп жеткенде.

Қуанып біз қаламыз,

Әнмен қарсы аламыз.

Миға шабул:

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілі неше айдан тұрады?

-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?

-Қар еріп қайда сіңеді?

-Жер қандай түске өзгереді?

-Жерде не өседі?

-Ағаштарда қандай өзгерістер болады?

Д.О. «Кім жылдам?»

Ойын шарты: Тақтаға құстардың, ағаштардың, көктемнің алғашқы гүлдері бәйшешек, қызғалдақтың суреті ілінеді. Балалар суреттегі заттардың атын атайды, сонан соң сол сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрастырады.

Д.О. «Көктем гүлдері»

Ойын шарты: Себеттегі гүлдердің ішінен тек көктемде гүлдейтін гүлдерді шығарып алып, сол гүлді сипаттайды, әңгімелейді.

Көктем гүлдері:

бәйшешек, қызғалдақ,

сарғалдақ.

№2 жұмыс дәптері.

сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білу.

Жұмбақты шеш.

Бұлтты айдай желдеткен,
Нөсерлеткен, селдеткен.

Шалшық кезіп ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсың?

(көктем).

Суретпен жұмыс: «Көктем келді»

Көктемде күн көзі жоғары көтеріле береді. қар ериді.

Күн өткен сайын ауа-райы жылына түседі. Аспан таптаза көгілдір, оның бетінде акша бұлттар қалқиды. Күн ұзарып, түн қысқарады.

Жыл құстары келе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. Ең алғашқы гүлдер шығып, жәндіктер пайда болады.

-Көктем айларын атандар.

-Қай айдан басталады?

-Жерде, далада, ағаштарда қандай өзгерістер болады?

-Көктемде алғаш қандай құстар ұшып келеді?

-Көктемнің алғашқы гүлдерін атандар.

«Өрік ағашы» әңгімесін балаларға мәнерлеп оқып беру.

Балаларды топқа бөлу.

1-ші топ: Сурет бойынша әңгіме құрастырады.

сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.

«Кел жазайық»

Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.

Д.О. «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»

Ойынның мақсаты:

Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.

Ойын барысы: Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.

Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!

Шарты: Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.

Балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру.

Сергіту сәті

«Көңілді күн»

2. Математика.

Міндеттері: Геометриялық фигуралар. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөліктерді салыстыру, 8-9 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру.

түсіндіру.
№2 жұмыс дәптері.
(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).

Сергіту сәті.

Д.О. «Қатарға тұрамыз»

Ойын шарты: Балалар қатарға қалай тұрғанын қара. 7-нөмірдің алдында кім тұр? 9-нөмірден кейін кім тұр?

Д.О. «Кім зейінді?»

Ойын шарты: Бірінші қандай түсті қарындаш қойылған? Екінші ше? Үшінші ше? Төртінші ше? (бірінші-қызыл түсті қарындаш қойылды. Екінші-сары, үшінші-жасыл, төртінші-көк).

Графикалық диктант.
Графикалық диктант жазу барысында бір бөлігін берілген нұсқаулар бойынша жазады, екінші бөлігін балалар өздері орындайды.

3.Көркем әдебиет.

Міндеттері: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйімен мінезін, бейненің қимылын, интонациясымен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.

Шаттық шеңбері.

Табиғатқа қамқор боп,
Байлығын біз қорғайық.
Әдепті де, тәртіпті боп,
Жақсылығын қолдайық.

Педагог: Табиғатты аялап,

-Жер қандай түске өзгереді?

-Жерде не өседі?

Тыныштық сәті: Баяу әуенмен балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. жасыл желек жамылған шөптерді, бүршік атқан ағаштарды, сайраған құстарды, гүлге қонған көбелектерді көз алдарына елестетеді. Гүлдердің исі қандай керемет! Терең тыныс алады.

Д.О. «Гүлдер»

Шарты: Тақтаға гүлдердің суреті ілінеді. Балалар көздерін жұмады, көздерін ашқанда гүлдердің біреуі жоқ болады. Қай гүлдің жоқ екенін табу.

Сергіту сәті.

Шаршағанда ырғалып,
Гүлге ұқсап дем алам.
Қанатымды бір қағып,
Гүлдей болып жайқалам.

2. Қазақ тілі.

Міндеттері: Қазақ халқы азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерімен таныстыру.

Жұмбақты шешіп көктем сыйын ұтып ал!

.Ұзын мұртты сарылар,
Қойнында дәні бар. (бидай).

.Түскенде сары күз,
Жинадық алтын тіс.

(жүгері).

1.Дыбыстық талдау жаса.
2.Суреттерді штрихта.
3.Үзік сызықтарды бастып, жалғастырып жаз,
Сергіту сәтін өткізу.

2.Математика.

Міндеттері: Сан және санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.

Балаларды 3 топқа бөлу.
«Қызғалдақтар»
«Сарғалдақтар»
«Бәйшешек»

«Қызғалдақтар тобы»

Шарты: Ермексазбен жұмыс. Қызғалдақтарды мүсіндейді.




«Сарғалдақтар»

Математикалық пазлдар.

Шарты: Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.




2-ші топ: Бөліктерден сурет құрастырады.



Суретпен жұмыс.


-Суреттен не байқадың?

-Сурет қандай геометриялық фигураларды көріп тұрсыңдар?



Д.О. «Ойлан тап»

Шарты: Дөңгелектен қандай суреттер салуға болады?



Суретті жалғастыр.



№2 жұмыс дәптері.

(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып

қорғасақ, біз өз денсаулығымызды қорғағанымыз. Әрбір жыл мезгілі өз сәнімен ерекшеленеді.

Ертегілер елінде.
Ерте, ерте, ертегілер,
Оқып, тоқып білгің келер.
Іші толған ақыл кеңес,
Бір оқысаң қойғың келмес,
Бар бала мұны білер.

Д.О. «Ертегілер еліне саяхат»

Ойын шарты: Ертегілер еліне шолу жасайды. Тақтаға ілінген суреттерден қандай ертегі екенін айтады.

«Көктем сәні»
(балаларды жаңа ертегімен таныстыру).

-Арыстан орманға аңдарды не үшін шақырды?
-Қандай аңдар жиналды?
-Ақбөкен не деп жауап берді?
-Қоян, Арқар, Аю, Түлкі не деп жауап берді?
-Сендер көктем сәні не деп ойлайсындар?

Көктем сәні-ол гүлдер, көбелектер, алғаш ұшып келген құстар, бүршік жарған ағаштар, күннің жылуы.

Д.О. «Кім тез құрайды?»

Ойын шарты: Бірнеше бөлікке бөлінген аңдардың денесін тез құрастыру.

Сергіту сәті.
Арыстан ақырады,
Қоян секіреді.
Түлкі қылмыңдайды,
Аю қорбаңдайды.
(балалар қимылмен

.Алыстан көрсем ақ тас,
Жақыннан көрсем дәмді ас.
(күріш).

Дақылдар әні.
Нан атасы-бидаймын,
Елге астық сыйлаймын.
Дәнім толып піскенде,
Қауызыма сыймаймын.
Ақпын, қара, сарымын,
Мен өнімді-тарымын.
Халқым еңбек сіңірсе,
Қайтарамын қарымын.
Күнді сүйген-күрішпін,
Күллі жұртқа ырыспын.
Алсын деп ел мол өнім,
Ала жаздай су іштім.
Мен-сұлымын ұланның,
Тұлпарына ұнадым.
Баптаған әр диканға,
Басымды иіп тұрамын.
Күміс мұртты-арпамын,
Ырыс құтты арпамын.
Еңбек етіп баптаған,
Еліме сый тартамын!


Пайдалы тағамдар.
Мақсаты: Балаларға пайдалы тағамдар туралы түсінік беру.

Д.О. «Төрт-түліктен не аламыз?»

Ойынның мақсаты: Балаларға үй жануарларының адамға пайдасы туралы түсінік беру.

Ойын барысы: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Балалар үй жануарларының адамға қандай пайдасы бар және олардан не алатыны туралы әңгімелейді.

Д.О. «Дәмін тат»



«Бәйшешек»
Шарты: Жоқ сандарды тауып жазады.



№2 жұмыс дәптері.
(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).

Сергіту сәті.

3.Көркем әдебиет.
Міндеттері: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйімен мінезін, бейненің қимылын, интонациясымен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.

Д.О. «Кім тапқыр?»

Ойын шарты: Жұмбақтардың жауабын

3-топ: Боямақ. Берілген суретті бояйды, әңгімелейді.



2.Қоршаған орта.

Міндеттері: Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.

Д.О. «Дәл тауып айт»

Ойынның мақсаты: Балаларға суреттен көрген үй жануарларының, аңдардың аттарын дұрыс, дәл айтқызу. Оларды қорғауға, қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Ойын барысы: Педагог балаларға үй жануарлары мен аңдардың суреттерін көрсетіп шығады. Балалар бірінші суреттен үй жануарларын, екінші суреттен аңдарды атап береді және оларды қорғап, қамқор болу үшін не істейтіндері сұралады.

Д.О. «Үй жануарлары мен төлдері»

орындату).

Сергіту сәті.

3.Мүсіндеу.

Міндеттері: Қазақ халқының түрлі зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу, оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Мүсінделген заттарымен түрлі ойындар ойнау.

Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Суретпен жұмыс.
Сурет арқылы қазақ халқының түрлі зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау) таныстыру.

Д.О. «Қайсысы ұнайды?»

Ойынның мақсаты: Зергерлік бұйымдарды атап, оларды ажырата білуге үйрету.

Ойын барысы: Балалар суреттен зергерлік бұйымдарды атайды және олардың қайсысы ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айтып береді.

Шығармашылық үзіліс.
Балалар қазақ халқының түрлі зергерлік бұйымдары білезік, сырға,

	<p>көрсетеді). Д.О. «Домино» Ойын шарты: Үстел үстіне ертегілердің мазмұнына сай салынған суреттер теріс жатқызылып қойылады. Бір бала суретті ашып, ертегінің мазмұнын әңгімелейді. Бала ертегінің белгілі бір жеріне дейін айтып, жанында тұрған баланың иығына қолын салады. Сол кезде көрші тұрған бала етегіні жалғастырып айтады.</p> <p>4.Дене шынықтыру. Қимылды ойындар. Бнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Автобус». Ойын шарты: Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Педагог автобус жүргізушісі болады. Балалар жолаушылар. Педагог дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. әуелі баяу, кейін жылдам және одан да жылдамырақ жүреді. Педагог жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Балалар орындарына жайғасады.</p>	<p>Ойынның мақсаты: Әр тағамның дәмін ажырата білуге үйрету. Ойын барысы: Балалар көзін жұмады. Ыдыстан бір тағамды (құрт, жент, тары, талқан) алып, дәмін татады. Қандай тағам екенін айтады.</p> <p>3.Қоршаған орта. Міндеттері: Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Д.О. «Не болар еді?» Ойынның мақсаты: Өсімдіктерді күтіп баптауға үйрету. Өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру. Ойын барысы: Балалар ойды аяқтайды, сұрақтарға жауап береді. .Егер өсімдікті қараңғы жерге қойса не болар еді? .Егер өсімдікке су құюды ұмытып кетсе не болар еді? .Егер өсімдікке уақытылы су құйып, топырағын қопсытып, қоректендіріп тұрса не болар еді? Еңбектену әрекеті. Балалармен бірге табиғат бұрышында еңбек ету, гүлдерді суару, жапырақтарының шаңын сүрту, жұмысты тату жасап, бір-біріне көмектесуге үйрету.</p> <p>4.Музыка.</p>	<p>тауып көктем сыйлығын ұтып ал! .Тәтті көрсе бас салар, Айнымайды баладан. (аю). .Құйрығы он қарыс, Бұл айбатты ... (жолбарыс). .Тауда жүрген тарғыл аң, Ол қайратты(кабылан). .Айбат шегер алыстан, Аң патшасы(арыстан). .Тоң мойынды жуан көк, Желіп, жортып бүкендеп. Несібесі даладан, Еңбек қылмай жүрер тек. (қасқыр). .Жол бойында жортқан, Сыбызғысын тартқан. (қасқыр). .Аузы бейне, шалғы орақ, Шөп емес, бірақ малды орады. (қасқыр). .Өзі қу, айлакер, Жүрген жері айқай да, шу. (түлкі). .Бұлаңдаған құйрығы, Бір алдарлық қулығы. (түлкі). .Қалқиып қос құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады. (қоян). Д.О. «Аңдарды құрастыр» Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Алдын ала қиып дайындалған аңдардың денелерін құрастыруы керек. Қай топ тез құрастырса, сол топ жеңімпаз. Д.О. «Ертегіні ата» Ойын шарты: Балаларға</p>	<p>Ойынның мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажырата білуге, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп, үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ойын барысы: Балаларға үй жануарлары мен олардың төлдерінің суреттері таратылып беріледі. Балалар олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтады. Д.О. «Бұл қай аң?» Ойынның мақсаты: Аңдар туралы білімдерін толықтыру, оларды ажырата буге үйрету. Ойын барысы: Балаларға аңдардың суреттері таратылып беріледі. Оларды атап, қайда өмір сүретіні, немен қоректенетіні туралы және аңдар туралы тағы не білетіндері туралы сұралады Қимылды ойын: «Бұл қандай аң?» Ойын барысы: Қимылына қарап қандай аң екенін табады.</p> <p>3. Қазақ тілі. Міндеттері: Қазақ халқы азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерімен таныстыру. Д.О. «Не артық?» Шарты: Педагог қазақ халқының ұлттық тағамдарының суреттерін</p>	<p>сақинаны мүсіндейді, оларды моншақтармен безендіреді. Көрме ұйымдастыру. Сюжеттік-рөлдік ойын: «Дүкен» Ойынның мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын ояту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату. Дүкеншінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ойын барысы: Педагог балаларға түрлі себептермен дүкенге бару қажеттігін айтады. Мысалы: -Мерекеде сыйлау үшін анама арнап дүкеннен әдемі сақина сатып аламын. -Бүгін Айзеренің туған күні екен. Айзереге арнап дүкеннен әдемі сырға алайық. -Әжеме арнап білезік сатып аламын.</p> <p>4.Дене шынықтыру. Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолымен алып жүруге жаттықтыру. Топтарға бөліп негізгі жаттығуларды орындау. «Баскетбол» Допты бір қолмен жүргізу. Допты саусақтарының басымен ғана ақырын соғып,</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>Ұлттық ойын: «Асық алу» Ойын шарты: Балалар дөңгелене айналып, шашырап жүреді. Педагог: «Асық ал!»-деп белгі бергенде, балалар ортаға ұмтылып асықтарды тез алуға ұмтылады.</p>	<p>Міндеттері: Музыка тыңдау. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Педагог: -Әже дегеніміз кім? -Әже деген қандай адам? -Кімнің әжесі бар? -Әжеңе қандай көмек көрсетесің? «Әже»-дегеніміз кім? Әпкем-әже баласы, Әкем-әже баласы. Әкемнің бар ағасы, Ол да әжемнің баласы... Анам дейді мамашым, Әже дейді, шамасы, Аналардың анасы! Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей. Үнтаспа. Ән айту: «Ақ әжем» К.Қуатбаев. -Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жандар кімдер?</p>	<p>ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады. Сюжеттік-рөлді ойын: «Ертегіні ойнайық» Ойынның мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру. Ойын барысы: Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. Мысалы: «Көктем сәні» ертегісін еске түсіреді. Қоянның дауысы төмен дауыс, Арқардың дауысы ортаңғы дауыспен, ал Арыстанның, аюдың жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді. 4.Шебер қолдар. Тақырыбы: Домбыра. Сабақтың мазмұны: Ермексаздан домбыраны мүсіндеу. Ән тыңдау: «Домбыра сазы» И.Нүсіпбаев. -Қандай ән тыңдадық? -Ән сендерге ұнады ма? -Кімнің үйінде домбыра бар? -Кімнің ата-анасы үйінде домбыра тартады? -Сен де домбыра тартып үйренгің келе ме? Жұмбақты шеш.</p>	<p>көрсетіп тұрып, олардың аттарын атайды. Балалар аталған тағам түрлерінің ішінен артығын тауып айтады және оның неге артық екенін дәлелдейді. Сюжеттік-рөлдік ойын: «Дүкен» Ойынның мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын ояту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату. Дүкеншінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ойын барысы: Бір бала дүкенші болады. Қалған балалар сатып алушылар. Балалар тек дүкеннен ұлттық тағамдарды ғана сатып алуы керек. 4.Музыка. Міндеттері: Музыка тыңдау. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға</p>	<p>аяғының жанына ұру допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. «Футболшылар» Допты дәл беру. Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. «Кенгуру» ойын жаттығуы. Шарты: Екі тізенің ортасына допты қысып секіреді. Допты түсіріп алмауға тырысады. Қортынды кезең. «Бәрі қолымнан келеді!» Балалар шеңбер бойымен тұрады. Бүгінгі күн қандай керемет! Менде бәрі тамаша! Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін! Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін! Мен бәрін жасай аламын! Қимылды ойын: «Лактыр да, қағып ал» Ойын барысы: Балалар үш тізбекте тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар жүргізушіге допты қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам</p>
--	---	---	--	--	--

		<p>-Кім сендерді аялап, мәпелеп өсіреді? -Ең мейірімді, ең сүйкімді жан кім? -Әжелерің сендерді еркелетіп қалай атайды? Музыкалық-ырғақтық кимылдар: Әжелерге арналған «Ақ әжем» әнінің музыкасына сәйкес қандай би кимылдарын орындар едің? Д.О. «До-ре-ми» Ойын шарты: Педагог кез-келген бір әнді ұнтаспадан балаларға тыңдатады. Балалар сол әнге байланысты суретті тандап көрсетеді. Бала неге сол суретті тандап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді. Д.О. «Ән салған кім?» Ойынның мақсаты: Дауыс тембрін айыра біліге үйрету. Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап тұрады. Көздерін жұмады. Педагог ортаға бір баланы шығарады. Ортаға шыққан бала кез-келген бір әнді орындайды. Шеңберде тұрған балалар ән салған кім екенін даусынан танып айтуы керек.</p>	<p>.Ұзын мойын, екі ішек, Қатар-қатар тепкішек. Басып көрсен бір-бірлеп, Үн шығады күмбірлеп. Бұл не? (домбыра). .Тиіп кетсе жырлаған, Даусы көпке ұнаған. (домбыра). .Екі құлақты, он екі туяқты, Шешуін тапшы, Күмбірлеген күй, Төгілген сияқты. (домбыра). Домбыра-қазақ халқының арасында өте ерте заманнан бері кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Домбыра әртүрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасалады. мойнына он тоғыздан жиырма екіге дейін пернелер байланады. арнайы құлақ күйге келтіріледі. домбыраның даусы майда, қоңыр, құлаққа өте жағымды. Суретпен жұмыс. Тақтаға бірнеше аспаптарды ілінеді. Суреттердің ішінен домбыра аспабын тап. Суретте берілген аспаптарды ата. Д.О. «Ұлттық аспаптар» Ойынның мақсаты: Қазақ халқының ұлттық аспаптарын біліп тануға, оларды ажырата білуге үйрету. Білімдерін толықтыру. Музыкалық</p>	<p>сәйкес өзгерту. Педагог: -Әже дегеніміз кім? -Әже деген қандай адам? -Кімнің әжесі бар? -Әжеңе қандай көмек көрсетесің? «Әже» -дегеніміз кім? Әже-әкемнің анасы, Әже-анамның анасы. Әжеден тарайды сыйластық, Әже адамға сылайды кимастық. Музыка тыңдау: «Әжемнің шәйі» Ән айту: «Ақ әжем» К.Қуатбаев. -Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жандар кімдер? -Кім сендерді аялап, мәпелеп өсіреді? -Ең мейірімді, ең сүйкімді жан кім? -Әжелерің сендерді еркелетіп қалай атайды? Музыкалық-ырғақтық кимылдар: Әжелерге арналған «Ақ әжем» әнінің музыкасына сәйкес қандай би кимылдарын орындар едің? Д.О. «Бұл қай аспап?» Ойынның мақсаты: Ұлттық аспаптарға деген қызығушылығын ояту. Ойын барысы: Жеті санының атауына байланысты қандай аспап бар?</p>	<p>орындаған топ жеңіске жетеді. Қимылды ойын: «Кетіп қалған кім?» Ойынның мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа баулу. Ойын барысы: Балалар дөңгеленіп тұрады, көздерін жұмады. Мұғалім баланы жасырады. Балалар көздерін ашқанда кімнің кетіп қалғанын табады.</p>
--	--	---	--	--	---

			<p>аспаптарға деген қызғушылығын ояту. Ойын барысы: Балалар тақтаға ілінген ұлттық аспаптарды атайды. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Шығармашылық үзіліс Мүсіндеу: «Домбыра» (балалар ермексаздан домбыраны мүсіндейді). Көрме ұйымдастыру.</p> <p>4.Дене шынықтыру. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. «Қазан» ойыны. Шарты: асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру. «Малдас құрып отырған қалыптан» Шарты: Балалар көрпешеге малдас құрып отырадды. Асықтарды жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Асықтарды лақтырып, қағып алу.</p>		
Серуен	№1. Ауа-райына бақылау жасау.	№15. Бұталарды бақылау.	№18. Қараторғайларды бақылау.	№16. Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.	№5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау.
Балалармен жеке жұмыс	1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз. (колын жазуға	1.Мүсіндеу. Ермексазбен жұмыс.	1.Сөйлеуді даңту. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды	1.Сауат ашу негіздері. Қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға	1.Сурет салу. Боямақ. «Көктем» (дайын суреттердің сыртын шетке шығармай

	<p>жаттықтыру). Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>		<p>меңгерту.</p> 	<p>баулу.</p> 	<p>бастырып бояу).</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>«Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз»</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Бала тәрбиесіндегі қымбатты бір минут» Бір минут балаңызды мақтаңыз.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Ойыншықты қалай таңдаған дұрыс?»</p>	<p>Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту.</p>